

**Ж.Жабаев атындағы №234 орта мектеп бойынша
ұйымдастырушы-педагогтың 2024-2025 оқу жылында атқарған
жұмыстарының анықтамасы**

Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы ҚР Оқу ағарту министрінің 2024 жылғы 30 маусымдағы №194 бұйрығына сәйкес мектебімізде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары жасалынып, жоспарға сай жұмыстар ақарылуда.

2024-2025 оқу жылының жоспарына сәйкес, 2024 жылдың 1 қыркүйек - Білім күніне орай «Мектебім – мейірім мекені» атты салтанатты жиын болып өтті.



5 қыркүйек - «Тілдер мерекесі» күніне орай 2024 жылдың «Тілім менің ғасырларға аманат» тақырыбында «Мектеп парламентінің» мерекелік құттықтауы жолданды.



Отбасы күніне орай, Отбасы құндылықтарын дәріптеу, маңыздылығын ұғындыру, отбасындағы қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру, бақытты жанұяның моделін дайындау мақсатында «Отбасы – бақыт мекені» тақырыбында оқушыларға қысқа метражды фильм көрсетілді.



«Отбасы – алтын бесік» тақырыбында оқушылардың отбасылық суреттерінен көрме ұйымдастырылды. Қорытындысында «Мерейлі отбасы», «Өнегелі отбасы», «Ұлағатты отбасы», «Үлгілі отбасы», «Парасатты отбасы»,

«Берекелі отбасы», «Ұйымшыл отбасы», «Бақытты отбасы», «Жас отбасы» номинацияларымен марапатталды.



Оқушылардың отбасы туралы түсініктерін кеңейту. Отбасы мүшелері арасындағы бауырмалдық, отбасы мемлекетіміздің бір бөлшегі екенін ұғындыру мақсатында «Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» челленджі ұйымдастырылды.

Мектеп кітапханашылары, қосымша білім беру маманы, тәлімгермен біріккен жоспарға сәйкес «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы» аясында «Табысқа жетудің негізі – еңбекқорлық» тақырыбында таным сағаты болып өтті. Мақсаты: Оқушылардың еңбек туралы түсініктерін кеңейту, еңбекті кеңінен насихаттау.

Қазан айы

Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы ҚР Оқу ағарту министрінің 2024 жылғы 30 маусымдағы №194 бұйрығына сәйкес мектебімізде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары жасалынып, жоспарға сай жұмыстар ақарылуда.

Қазан айы 1 қазан – Қарттар күні мерекесімен басталды. Халықаралық қарттар күні мерекесіне орай мектеп ардагері Қожақ Бибісара апайды 6 «А» сынып оқушылары құттықтап барып, «Аталар сөзі – тәрбие көзі» тақырыбында сыр-сұхбат болды. Сұхбат барысында оқушылар ән айтып, жыр жолдады. Мақсаты: Баланы жастайынан үлкендерге, ата-аналарға құрметпен қарауға, егде жастағы адамдардың

еңбегін ерекше құрметтеуге, аға буын өкілдерінің өмірлік тәжірибесі мен даналығын жастарға үлгі ету.



Ұстаздар күні мерекесіне орай, «Даналық – ұстаздан» тақырыбында челлендж ұйымдастырылды. Мақсаты: мұғалімдерді мерекесімен құттықтау, кәсіби мереке қарсаңында құрмет көрсету.



Ұстаздар күні мерекесіне орай «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымы «Ұстаз - ұлағатты есім» тақырыбымен «Дублер күнін» өткізді.

Мақсаты: оқушылар мен педагогтердің бірлескен қызметін ұйымдастыру арқылы білім алушылардың әлеуметтік құзіретті тұлғасын дамыту үшін жағдай жасау.





«Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымының президентін сайлауы өтті. Сайлауға оқушылар өз кандидатураларын ұсынды. Алдын ала сайлауалды бағдарламаларын ұсынып, әлеуметтік желіге жарияланды. 19 қазан күні мектеп президенті сайлауы өтіп, басым дауыспен Қаратай Аяулым «Мектеп парламентінің» приезиденті болып сайланды. Сонымен қатар, фракция мүшелері де сайланды.



Құқық және тәртіп фракциясы – Қонысбай Жансерік
Ақпарат фракциясы – Насыл Жайна
Спорт және салауатты өмір фракцисы – Қуандық Рысбек

Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы – Сахиева Шехризат
Қамқорлық фракциясы – Жақсыбек Жансұлу
Мәдениет және өнер фракциясы – Оңғарбек Жұлдызай
Дебат қозғалысының фракциясы – Бақыт Нұрлан
Экология және еңбек фракциясы – Бауыржанқызы Бақытжан

Сонымен қатар, «Мектеп парламенті» президентін Ұлықтау рәсімі болып, мектеп президенті Қаратай Аяулым АНТ қабылдады.



Сондай-ақ фракция жетекшілеріне арнайы төсбелгі табысталды.



Мектеп оқушылары арасында дәстүрлі «Алтын күз – 2024» сайысы болып өтті. Сайысқа 5-7 және 8-11 сыныптар қатысты. Сайыс 5 кезеңнен тұрды.

1. Кел танысайық (әуенді таныстыру, эмблемамен)
2. Өнерлі өрендер (ән, би, күй т.б)
3. Күз сыйы (күзгі дақылдардан қолөнер жасау)
4. "Күз ханзадасы" мен "Күз ханшайымы" (күзгі киім үлгісі, балдық би)

Қазылар алқасының шешімі бойынша өзгелерден оза шауып, көрермен көзайымы бола білген Аққали Аян мен Қалладин Ясмина "Күз ханзадасы мен ханшайымы" атанды.

Сайыс қорытындысы бойынша 5-7 сыныптар бойынша:

Бас жүлде 7 "а" сыныбы
1-орынды 7 "б" сыныбы

2-орынды 5 "б" 7"в"сыныбы

3-орынды 6 "а" 6"в"сыныбы иеленді



Сайыс қорытындысында 8-11 сыныптар бойынша:

Бас жүлде 8 «А» Ханзадасы Оразбай Ерасыл, Ханшайымы Серік Нұрилла

1- орынмен

9 «А» Ханзадасы Бегімбайұлы Мерей, Ханшайымы Шабар Дильназ

9 «В» Ханзадасы Еділ Нұркен

Ханшайымы Әбдібази Ақжарқын

2-орынмен 8 «Б» Ханзадасы Жұматаев Рахман, Ханшайымы Жеткербай Мейнура

3-орынмен 9 «Б» Құрманай Гүлфайруз, Жаңаберген Дильназ,

Қалған сыныптар алғыс хаттармен марапатталды.



Қазан айы – тәуелсіздік пен отаншылдық айына орай «Менің елім – Қазақстан» тақырыбында мерекелік кеш болып өтті.

Мақсаты: Оқушыларды өз Отанын сүйюге, қазақ екенін, Қазақстанда тұратынын мақтаныш етуге, туған халқының тілін, мәдениетін, салт -дәстүрін қастерлейтін саналы да парасаты азаматтар тәрбиелеу.

— Елінің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын қастерлеуге өз елін, тегін, тарихын біліуге тәрбиелеу.



Аудандық білім бөлімінің №1640 санды хатына орай «Сыр лигасы» жобасы аясында «Ана тілі аруы» сайысының мектепшілік кезеңі 8-10 сынып оқушылары арасында болып өтті.



Мақсаты:

Қазақ қызының бойындағы ұлттық дәстүрімізге сай қасиеттерге бағыт-бағдар бере отырып, жан дүниесіндегі көркемдік талғамын қалыптастыру;

Қазақ халқының қыз тәрбиелеу салт-дәстүріне байланысты әдептілікке, инабаттылыққа, ізеттілікке тәрбиелеу;

Байқау кезендері:

1. Сәлем - сөздің анасы
2. Кім тапқыр?
3. Монолог оқу
4. Өнер сайысы
5. Менің сәнді - ұлттық киімім.

Қорытындысымен 10 А сынып оқушысы Жеткербай Нұрбану аудандық кезеңге жолдама алып, аудандық «Ана тілі аруы» сайысында **алғыс хат** иеленді.



Қараша айы

Ұлттық валюта күніне орай «Мектеп парламенті» өзін өзі басқару ұйымы «Ұлттық теңге – тәуелсіздік нышаны» тақырыбында оқушылар арасында сұхбат жүргізді.

Мақсаты: Қазақстанның ұлттық ақшасына көшу тарихы, оның маңызын түсіндіру. Ақшаның пайда болу тарихы, өз ұлттық теңгеміздің айналымға кіруі, қалай, кімдер жасағаны туралы мағлұмат беру



Ж.Жабаев атындағы №234 қазақ орта мектебі және аудандық орталық кітапхананың оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінің бірлесіп ұйымдастыруымен өр рухты күрескер ақын Махамбет Өтемісұлының туғанына 220 жылдығына орай «Ереуіл атқа ер салмай...» атты Махамбет оқулары өткізілді. Байқаудың мақсаты: ақын поэзиясының мазмұны мен мәнін ұғындыру, ондағы азаматтық, отаншылдық рухын сезіндіру, оқушыларға ақынның өз бейнесі мен Махамбет тұлғасын таныту, туған жерді жан аямай Махамбетше сүйеге, бабалардың ерлік рухын сезінуге тәрбиелеу, шығармаларын тарихи құндылық ретінде қабылдауға жетелеу.

Аталмыш шара аясында талапкерлер 6 «А» сынып оқушылары Ашықбай Айару, Серік Ақжан, Әзен Жансель, 7 «А» сынып оқушысы Серік Жолбарыс, 8 «А» сынып оқушысы Серік Нұрилла, 8 «Б» сынып оқушылары Оңғарбек Жұлдызай, Нәби Әсел алғыс хаттармен марапатталып, ІІІ Орынды 6 «А» сынып оқушылары Жеңісқызы Аружан, Жанұзақ Ұлжан, 6 «Б» сынып оқушысы Бақыт Ақмарал, 6 «В» сынып оқушысы Бақытжан Нұржігіт, 7 «А» сынып оқушысы Әбілғазы Дидар, ІІ Орынды 6 «Б» сынып оқушылары Амандықова Айзере, Шабар Жанерке, 7 «В» сынып оқушысы Темірбек Нұршат, І Орынды 6 «Б» сынып оқушысы Таласбек Айару, 10 «Б» сынып оқушысы Онбосын Қызғалдақ, Бас жүлдені 7 «В» сынып оқушысы Қайратқызы Нұрайым иемденді.



«Алтын сақа» жобасы аясында «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен 3-4 сынып оқушылары арасында қазақ халқының дәстүрлі ойыны «АСЫҚ АТУ» сайысы болып өтті.

✿ Мақсаты:

Оқушылар бойында қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасына құрмет сезімін қалыптастыру, ептілікке, мергендікке, ұқыптылыққа баулып, ұлттық ойындарымызды білуге деген құштарлығын арттыруға тәрбиелеу

✿ Ойынның шарты - асықтарды шеңберден шығару арқылы ұпай жинау.

Нәтижесінде:

🏆 1-орын Шора Бекарыстан

🏆 2-орын Алданбек Акылжан

🏆 2-орын Сағынтай Дінмұхаммед

🏆 3-орын Әскербек Мейрімжан

🏆 3-орын Арғынхан Нариман





Ұйымдастыруш-педагог: Қожанова Н.Т.